

### ***13. ТАҚЫРЫП. Бюджеттердің атқарылуы мен нақтылануы – 2 сағат.***

1. Бюджеттік құқықтық нормалар: түсінігі, өздеріне тән белгілері мен ерекшеліктері, құрылымы. Бюджеттік құқықтық нормалардың уақыт пен кеңістікте, аумақтарда, тұлғалар шеңберінде іске асырылуының маңызы және шегі.

2. Бюджеттік құқықтық нормалардың негізгі түрлері, топтастырылуы. Қорғаушы және реттеуші бюджеттік құқықтық нормалар. Реттеуші бюджеттік құқықтық нормалардың негізгі мақсаттары. Баламалы және факультативтік бюджеттік құқықтық нормалар. Материалдық және ұйымдастырушы, императивтік және диспозитивтік бюджеттік құқықтық нормалар.

3. Бюджеттік құқықтық қатынастар: түсінігі, өздеріне тән белгілері, түрлері, объектілері. Материалдық және ұйымдастырушы, өктем шартты бюджеттік -құқықтық қатынастар. Салықтық, валюталық, қаржылық-банктік, қаржылық-шаруашылық құқықтық қатынастар.

4. Бюджеттік құқық және бюджеттік құқықтық қатынас субъектілері; түрлері, құқықтық жағдайларының ерекшеліктері, мемлекеттік органдарға байланысты мән-жайлары. Бюджеттік құқықтық қатынастар субъектілерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тәсілдері.

5. Бюджеттік құқықтық қатынастардағы заңи фактілер: түсінігі, маңызы, функциялары. Заңи іс-әрекеттер және заңи оқиғалар. Құқыққа сай іс-әрекеттер. Құқыққа қайшы заңи іс әрекеттер. Заңи фактілер бюджеттік-құқықтық реттеуәдісінің элементі ретінде.